

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Ғажайып моншақтар әлемі

ЖАРИЯЛАНДЫ  
19.04.2019СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/56057/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Алматы облысы

Текелі қаласы

«№1 ОМ МДШО»

Тәрбиеші: Кудерина.А.С

Жауқазын ортанғы тобында ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Жапсыру

Тақырыбы: Ғажайып моншақтар әлемі

Мақсаты: Балалардың саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.

Геометриялық пішіндер мен түстерді ажыратып, жапсыруға үйрету. Балалардың жанашыр, қамқор болуға, әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Үлестірмелі материал, желім, қайшы, жіп, сүлгі.

Әдіс-тәсілдері: - Көрсету, сұрақ жауап, мақтау.

Сөздікпен жұмыс: Моншақ, қуыршақ

Билингвальді компонент: Қуыршақ- кукла, моншақ-бусы.

Іс-әрекет кезеңдері

Мотивациялық қозғалыс кезең

Шаттық шеңбері.

Куанамын менде,

Куанасын сенде,

Куанамыз бәріміз

Арайлап атқан күнге!

-Жарайсыңдар балалар, енді орнымызға отырайық.

Ұйымдастырушылық — Ізденістік

Тәрбиеші: -Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?(балалардың жауабы)

-Дұрыс. (Есікті қаққан дыбыс естіледі)

Тәрбиеші: Балалар біреу есік қағып тұр, ол кім екен? (есікті ашып қарайды)

Балалар, бізге Гаухар атты қуыршақ қонаққа келіпті.

(Гаухар кіреді оның көңіл күйі түсіп, қабағы түйюлі екен).

Балалар: Гаухармен амандасады.

Тәрбиеші: Сәлеметсіңбе Гаухар, саған не болды, неге көңіл күйің жоқ?

Гаухар қуыршақ: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Балалар, бүгін досымның туған күніне моншақ сыйлайын деп едім, жолда моншағым жоғалып қалды. Енді не істерімді білмей тұрмын.

Тәрбиеші: Гаухар сен ренжіме, мүмкін біздің балалар саған көмектесер.

Тәрбиеші: Балалар Гаухарға көмектесіп моншақ жасап беремізбе?

Балалар: Иә көмектесейік.

Тәрбиеші: Балалар моншақтың пішіні қандай болады? (дөңгелек)

-Ал моншақтың түсі қандай болады? (түрлі-түсті)

-Моншақты кімдер тағады? (қыздар, аналар, әжелер)

Тәрбиеші: Ендеше балалар түрлі- түсті қағаздан шеңберлер қиып, осы шеңберлерден моншақтарды жапсырып дайындайық. (Тәрбиеші үлгіні көрсетеді)

(балалар қайшыларын алып, түрлі түсті қағаздардан шеңбер қиып дайындайды)

Тәрбиеші: Балалар, біз Гаухарға моншағын тізіп беруге көмектесейік, мен жіп дайындап қойдым, осыған тізіп шығайық.

Балалар тәрбиешінің көмегімен жапсырады.

Қараңдаршы, қандай әдемі моншақ шықты. Енді дәл осындай моншақты өздерің жапсырып көріңдер. Балаларға көмектеседі.

Тәрбиеші: Ең жақсы жапсырған моншағымызды Гаухарға сыйлайық.

(Балалар тәрбиешінің көмегімен дөңгелек моншақтарды қиып жіпке тізіп жапсырады)

Гаухар: Балалар, моншақтарың қандай әдемі, сендер шебер екенсіңдер, сендерге көп-көп рахмет. Әдемі моншақтарыңды досыма сыйлаймын. Қош сау болыңдар.

Рефлексивті- түзетуші

Тәрбиеші: Ал, балалар, Гаухармен қоштасайық.

Қол ұстасып тұрайық,

Шеңбер жасап құрайық.

Көріскенше күн жақсы,

Сау-саламат болайық!

Балалар Гаухар қуыршақпен қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Ұғады:

Геометриялық пішіндерді, түстерді ажыратып, әсемдікті сезіне біледі.

Түсінеді:

Пішіндерден моншақ жасауды үйренді.

Қолданады:

Қойылған сұрақтарға толық жауап беріп, жұмысын таза істеуді.

Тәрбиеші: Кудерина.А.С

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.